

Төрбек Ерлан Жандарбекұлының 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшілерінің

ШІКІРІ

Диссертациялық жұмыс жалпы білім беретін мектепте геометрияны оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі – компьютерлік ресурстарды қолданып оқыту мәселесін жетілдіруге бағытталған. Диссертант қазіргі кезде математиканы оқытуда компьютерді қолданудың кең мүмкіндіктерін ескере отырып, мектеп геометриясын оқытуда мұғалімнің практикалық қызметін жетілдіру мен оның өнімді еңбек етуіне негіз қалайтын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориясы мен практикасын тандаған. Қоғамның даму жағдайы мен ғылыми математикалық зерттеулер арасында компьютерлік ресурстардың ролінің артуы, оқытудың түрлі деңгейлерінде олардың ықпалының күшеюі мен мектептегі геометрия курсына компьютерлік қолдау көрсетудің объективті қажеттілігін және компьютерлік ресурстарды пайдалану оқушылардың оқу материалын игеру сапасын айтарлықтай арттыратынын ескеретін болсақ, көтерілген тақырыпты зерттеу көкейкесті мәселе болып тұр.

Мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориясы мен практикасын зерттеу барысында автор жалпы ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, жалпы білім беретін мектептердегі геометрияны оқытудың қазіргі жағдайына, компьютерлік ресурстарды білім беру мақсатында қолданудың танымдық-дидактикалық мүмкіндіктері мен оның логикасы мен әдістеріне ғылыми негізделген терең талдаулар жасаған және автор өзіндік көзқарасын да білдірген. Нәтижеде зерттеуші мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін айқындау жолдарын көрсететін ғылыми негіздемелер мен тәжірибе жинақталған, планиметрия және стереометрия бөлімдерін оқыту мақсатында компьютерлік ресурстарды қолданудың мазмұнды-құрылымдық ерекшеліктерін айқындап, әдістемесін жасаған. Компьютерлік оқыту бағдарламаларын пайдаланар алдында оқушылардың өнімді танымдық қызметі үшін қажетті жағдайлар қамтамасыз етілетін оқу материалымен бірге олардың қызығушылықтары, бейімділіктері және қажеттіліктері ескерілетін білімдері, білігі мен дағдылары, ойлау қызметін қалыптастыру жұмыстарының ұйымдастырылуын жүйелі зерттеген.

Зерттеуші компьютерлік ресурстарды геометрия сабағында қолдану арқылы оқушылардың компьютерлік сауаттылығы дамиды және өз жұмыстарында заманауи әмбебап құралдардың ең қуаттыларының бірі – компьютерді пайдалануды үйренеді, оның көмегімен олар теңдеулерді, салу есептерін шешеді, графиктерді, сызбаларды құрады, өз жұмыстары үшін мәтіндерді, суреттерді дайындайды деген тұжырымға келеді. Бұл

оқушылардың өзін-өзі бақылау, рефлексия дағдыларын дамытуға, оқу процесінде пассивті бақылаушылардан белсенді зерттеушілерге дейін олардың ролдерін өзгертуге ықпал етеді. Сонымен бірге математикалық дайындығының: оқушылардың логикалық, эвристикалық, алгоритмдік ойлауын және кеңістіктік елестетуін дамыту деңгейі артатынына баса назар аударады.

Зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми негіздемелер мен жинақталған тәжірибелерді басшылыққа ала отырып Е.Ж.Төрбек мектеп геометриясын компьютерлік ресурстарды қолданып оқытудың теориялық негіздерін дәйектеп, компьютерлік ресурстарды мектеп геометриясын оқытуда қолданудың тиімділігін айқындаған және мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың әдістемесін ұсынған. Зерттеу жұмыстары тәжірибелік-эсперименттік сынақтан өткізіліп, оқыту үдерісіне енгізілген.

Диссертациялық жұмысты жүргізу кезінде докторант Е.Ж.Төрбек жоспарланған жұмыстарды толық орындап шықты. Жұмысты орындау барысында диссертант табандылық танытып, қол жеткізілген нәтижелерге ғылыми негізделген талдаулар жасау арқылы өзінің зерттеушілік қабілеттілігін таныта білді. Дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-практикалық мәселелерді өз бетінше тұжырымдай отырып, оны шеше алу мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

Жалпы алғанда Төрбек Ерлан Жандарбекұлының «Мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданып оқытудың теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған біліктілік жұмысы болып табылады.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі, ғылыми және іс жүзіндегі нәтижелерінің құндылығы, зерттеулердің орындалған көлемі, негізгі қағидалары, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының толыққандығы бойынша «Ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне» сай келеді және 6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми жетекшілері:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан

Мемлекеттік университеті

ф-м.ғ.д., профессор,

педагогика ғылымдарының кандидаты



Н.Қ.Аширбаев
Р.Б.Бекмолдаева